

Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 3 наурыздағы № 110 "Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2020 жылғы 17 қыркүйектегі № 345 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 24 қыркүйекте № 5670 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы 28 наурыздағы № 87 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 28.03.2025 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімдігінің "Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы" 2016 жылғы 3 наурыздағы № 110 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3785 тіркелген, 2016 жылдың 30 маусымында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

Алматы облысының жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда бекітілсін.

2. "Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың

1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары С. Тұрдалиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Баталов

Алматы облысы әкімдігінің 2020
жылғы 17 қыркүйектегі № 345
қаулысына қосымша
Алматы облысы әкімдігінің 2016
жылғы 3 наурыздағы № 110 қаулысына
қосымша

Алматы облысы бойынша жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесі

Орналасқан ауданы	Көлдер	Су қоймалары
1	2	3
Алакөл	1. Шошқалы 2. Тереңкөл 3. Жасылкөл 4. Майқанкөл 5. Қоржынкөл 6. Сапи 7. Қамысты көлі (Белое) 8. Қисықкөл 9. Сарыкөл 10. Бестерек көлдері	1. Дәулет 2. Сатыбай 3. Шүмек 4. Абжанов 5. Жазылбеков 6. Колесников
Аксу	1. Бакланье көлі 2. Құраксу көлдерінің жүйесі 3. Тұщы Рай көлдері 4. Телібай көлдері 5. Сарыкөл 6. Клинковое көлі 7. Құлынды көлдер жүйесі 8. Тобынды көлдер жүйесі 9. Үшкөл көлдері 10. Целинное көлі	1. Қызылағаш
Балқаш	1. Тумаш –Ноғас 2. Қарашаш 3. Құмарал 4. Ернат көлі	
Ескелді	1. Айсу	
	1. Михайлов 2. Әулиебұлақ-2	

Еңбекшіқазақ	3.Қонаев 4.Алтынкөл 5.Жетікөл 6.Азурманка-1 7.Азурманка-2	1.Натали 2.Бартоғай
Іле	1.Муларды 2.Жаңадәуір 3.Өгізбай	
Қарасай		1. Ақбұлақ
Қаратал	1. Қаңбақты 2. Ащысу 3. Қанабек 4. Келте 5. Ащыкөл 6. Тамыркөл 7. Бөкпен 8. Сарыбұлақ 9. Қарабас төгілімдері 10. Қара-бала 11. Қаракөл (кіші) 12. Сертай 13. Ағабек 14. Бескөл 15. Үшкөл	
Панфилов	1. Алтынкөл 2. Дубчункөл 3. Сарыкөл 4. Жидекөл 5. Құндызды 6. Кіші Подкова 7. Өсек 8. Соркөл 9. Үлкен Подкова 10. Жолманды	
Талғар	1.Али 2.Төрекөл	1. Жаңалық
Ұйғыр	1. Деревянное	1. Қосағаш
Сарқан	1.Алтай көлдері 2.Тораңғы көлі 3.Ақкөл 4.Қоқышкөл 5.Ақтілек 6.Тазакөл 7.Жақан	

